Базарбаева Меруерт Медеубайқызының
«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазіргі заманғы прозадағы әлемнің тілдік бейнесі (билингв-жазушылар материалдарында)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Жаһандану, интеграция жағдайында әдебиеттану мен лингвистика белсенді дамып, олардың категориялық-ұғымдық және әдістемелік аппараттары байытылуда. Пәнаралық зерттеулер кеңінен етек алып отыр. Тіл білімінде тілді көп қырлы ғылыми зерттеу мүмкіндігін ашатын лингвомәдениеттану, паралингвистика, прагматикалық лингвистика сияқты бағыттар қалыптасып жатыр. Олар әдебиеттануға да әсер етті.

Соңғы жылдары жазушылар әлемінің тілдік бейнесін зерттеу кеңінен тарала бастады, оның аясында олардың нақты бір тарихи дәуірде болып жатқан шындық, әлеуметтік құбылыстар мен оқиғалар туралы түсініктері қарастырылды. Осыған байланысты билингв жазушылардың шығармашылығы ерекше қызығушылық тудырады. Олардың шығармаларында екі ұлттық мәдениеттің үйлесімі мен өзара әсері байқалады. Бұл билингв жазушылар әлемінің тілдік бейнесі деңгейінде көрініс тапқан дүниеге көзқарасы мен дүниетанымының өзіндік ерекшелігін, олардың эстетикалық мұраттары мен құндылықтарын анықтады.

Диссертацияда Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұлов сияқты танымал прозашылардың шығармашылығы қарастырылады. Олардың шығармашылығында қазақ және орыс мәдениетінің синтезі байқалады, бұл олар бейнелеген шындық туралы идеялары деңгейінде көрініс тапты. Жазушылардың тілі ерекше. Орыс тілінде жазылған Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұлов шығармаларында қазақ тілінен алынған көріністер кездеседі. Әр түрлі ұлттық мәдениеттердің әсері бейнелер жүйесі деңгейінде, автор мен кейіпкерлердің сыртқы әлеммен қарым-қатынасында көрінеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі көркем билингвизм феноменін терең және жан-жақты зерделеу, оны қазақ жазушыларының шығармашылығында талдау үшін теориялық және әдіснамалық негіздерді дәлелдеу қажеттілігімен анықталады. Бұл мәселені зерттеу Қазақстанның әдебиеті мен мәдениетінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейтуге мүмкіндік береді.

Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұлов сынды белгілі билингв жазушылардың шығармаларына жүгіну арқылы зерттеу тақырыбының өзектілігі айқындала түседі. Олардың шығармаларында қазақ және орыс мәдениетінің дәстүрлері үйлеседі, бұл олардың тіл деңгейінде ғана емес, сонымен бірге олардың шығармаларының мазмұны, бейнелер жүйесі, прозашылардың дүниетанымы арқылы көрініс тапты.

Билингв жазушылар әлемінің тілдік көрінісінің ерекшеліктерін зерттеу өзекті болып табылады. Бұл мәселені зерделеу қазақ мәдениеті мен ұлттық ойлаудың орыс тілінің контекстінде және құралдарында қалай жүзеге асатынын байқауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нысаны – қазақ билингв жазушыларының, солардың ішінде Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұловтың прозасы.

Зерттеу пәні – Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұловтың әлемнің тілдік бейнесінің ерекшеліктері.

Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері. Зерттеудің негізгі мақсаты – «билингвизм» ұғымының мәнін анықтау, қазақ билингв жазушыларының әлемінің тілдік бейнесінің ерекшеліктерін ашу, олардың эстетикалық көзқарастары мен болмыс пен тұлғаның авторлық тұжырымдамаларын анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** қойылды:

- қазақ билингв-жазушылары әлемінің тілдік бейнесін талдау;
- «билингвизм» ұғымының мазмұнын ашу;
- қазақ жазушыларының шығармаларындағы бейнелер жүйесін талдау;
- Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұлов шығармаларындағы әлемнің тілдік бейнесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;
- билингв-жазушылардың шығармаларының тілдік және стилистикалық ерекшеліктерін анықтау;
- билингв-жазушылардың шығармаларының философиялық аспектілерін талдау.

Әдістер мен тәсілдер. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, функционалды, мәдени-тарихи, биографиялық және стилистикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі әлемнің тілдік бейнесінің жалпы мәселелерін, оның пайда болуын, қалыптасуын, дамуын, теориясы мен практикасын қарастыратын отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстары болды (Б. Уорф, Э. Сепир, А. Уфимцева, Ю.Н. Караулов, В.Н. Телия, Е.С. Кубрякова, В. фон Гумбольт, Л.Г. Вайсгербер, Х.Г. Гадамер, Т. В. Алейникова, О.Г. Дубровская, А. Ислам, А. Амирбекова, Ш. Бекмаганбетов, Э. Оразалиева, М. Хайдеггер, Ю.Д.Апресян, Э.Д. Сулейменова, Е.В. Падучева, Г.В. Колшанский, С.Т. Тер-Минасова, Г.А. Брутян, Р.И. Павиленис, Ю.Н. Караулов, М. Планк, В.В. Иванов, В.Н. Топоров, Б. Тлеубердиев, Т.М. Дридзе, Б.А. Серебренников, Н. Гей, В.Е. Хализев, З. Ахметов, В. Виноградов, Б. Шалабай, Г. Пралиева, И. Я. Чернухина және т.б.); билингвизм контекстінде (А.Е. Карлинский, Е.М. Верещагин, Н.Б. Мечковская, Л.В. Щерба, Ю.Д. Дешериев, Е.Ю. Протасова, Э. Сүлейменова, Н. Шаймерденова, Ф. Грожан, В.А. Аврорин, Г. Гачев, А. Сатыбалдиев, В.З. Панфилов, М.В. Никитин, Ю.Ф. Тарасов, Ю.А. Сорокин, Н.В. Кулибина, Т.О. Есембеков және т.б.); әдеби билингвизм тұрғысынан (Д.С. Лихачев, М. Альберт, Л. Облер, Дж. Джонс, Р. Титон және т.б.); билингв жазушылардың шығармаларында филсофиялық аспектілер (С. Ашимбаев,

Л. Леонов және т.б.). Зерттеу тақырыбына қатысты энциклопедиялық анықтамалықтардың, салалық сөздіктердің және көп томдық басылымдардың материалдары да қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Қазақ билингв жазушыларының шығармашылығындағы әлемнің тілдік бейнесін зерттеудің ғылыми-теориялық, практикалық және әдіснамалық негіздері анықталды.
- Әлемдік және отандық контекстегі әлемнің тілдік бейнесіннің егжей-тегжейі ашылды, оның практикалық аспектілері нақтыланды.
- Билингв жазушылардың шығармаларындағы әлемнің тілдік бейнесі алғаш рет монографиялық тұрғыдан зерттелді.
- Қазақ билингв жазушылары шығармаларының тілдік және стилистикалық ерекшеліктері анықталды.
- Қазақ билингв жазушылары шығармаларының философиялық аспектілері зерттелді.

Зерттеудің теориялық мәні: Зерттеу нәтижелерін билингв жазушылардың шығармашылығына және әлемнің тілдік бейнесі мәселесіне арналған ғылыми еңбектерде қолдануға болады. Жұмыс нәтижелері осы мәселені көркем шығармашылықта, пәнаралық негізде әлемнің тілдік бейнесін зерттейтін жеке жобаларда зерттеуге бағытталған лингвистика және әдебиеттану саласындағы заманауи зерттеулерде мәселенің дереккөзі және дәлелді базасы бола алады.

Зерттеудің практикалық мәні әлемнің тілдік бейнесін, билингвизмді және билингв жазушылардың шығармаларын зерттеуге көмектесетін ұсыныстарды, тұжырымдарды, принциптерді, көзқарастарды, диаграммалар мен кестелерді дайындау болып табылады. Зерттеудің негізгі материалдары, теориялық тұжырымдары мен нәтижелері жоғары оқу орындарында, филология факультетінде оқылатын «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» және «Қазақстан халықтарының әдебиеті» курстарында, сонымен қатар оқу құралдарын, монографияларды әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдамалар:

- көркем билингвизм Қазақстан әдебиеті мен мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады;
- билингв жазушылардың шығармашылығы Қазақстанның мәдени және әдеби үдерісінде ерекше орын алады;
- билингвизмнің әсері Ә. Әлімжановтың, Р. Сейсенбаевтың, Т. Әсемқұловтың дүниеге көзқарасы мен дүниетанымы, идеялық-тақырыптық мазмұны, бейнелі жүйесі мен шығармаларының тілі деңгейінде көрінеді;
- билингв жазушылар әлемінің тілдік бейнесі стилистикалық әдістердің, мәнерлілік құралдарының өзіндік ерекшелігі және өзгешелігімен сипатталады;
- билингв жазушылардың шығармашылығында екі әлемнің тілдік бейнесі, екі мәдени код үйлеседі;

- санасында әлемнің екі түрлі тілдік бейнесі тоғысқан билингв жазушылар Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұлов қазақ тілі мен қазақ мәдениеті бейнелерінің жүйесінде орын алады.

Зерттеу нәтижелерін талқылау және сыннан өтуі:

Зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, сондай-ақ халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда, симпозиумдарда баяндама түрінде жарияланды, жалпы 9 ғылыми мақала жарық көрді. Олардың ішінде 1 мақала Scopus базасында индекстелетін басылымда, ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда 3 мақала жарияланды.

1. Билингв жазушылардың шығармаларындағы лексикалық семалар // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2017. – № 1. – 19-22 бб.
2. Artistic discourse in the works of bilingual writers // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2017. – № 4. – 10-14 бб.
3. Picture of the world in the works of bilingual writers // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. – № 4. – 39-44 бб.
4. Perception and Social Reality in the Artistic World of Bilingual Writers // Халықаралық қоғам, мәдениет және тіл журналы (Inrenational Journal of Society, Culture and Language). – 2024. – 25 Қыркүйек. – 12 том. – 170-181 бб.
5. Билингв-жазушылардың шығармаларындағы әлемнің тілдік бейнесі // «М. Әуезов және әлем әдебиеті» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы, 2016. – 117-120 бб.
6. Language peculiarities in the works of bilingual writers // XIII халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – София: Бял ГРАД-БГ, 2017. – 3-7 бб.
7. Билингв жазушылардың шығармасындағы ұлттық концепт // «Фараби оқулары» IV халықаралық форумының материалдары. – Алматы, 4-21 сәуір, 2017. – 248 бб.
8. Билингв жазушылар шығармаларындағы көркем дискурсы // «Қызметтің негізгі ғылыми аспектілері» XIV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Пшемысль: Ғылым және студия, 2018. – 39-46 бб.
9. Билингв жазушылар шығармасындағы мақал-мәтелдер // «Фараби оқулары» V Халықаралық форумының материалдары. – Алматы, 2018. – 246 бб.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Қорытындыда зерттеу нәтижелері мен тұжырымдамалары келтірілген.